



ОБЛЫСТЫҚ АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ КЕҢЕЙТІЛГЕН КЕҢЕСІ ӨТТІ



Кеше Жамбыл облыстық аумақтық сайлау комиссиясының кеңейтілген кеңесі өтті. Кеңеске облыстық аумақтық сайлау комиссиясының мүшелері, аудандық және қалалық аумақтық сайлау комиссияларының төрағалары, төраға орынбасарлары мен хатшылары қатысты.

Кеңес барысында аудандық және қалалық аумақтық сайлау комиссияларының төрағалары 2026 жылғы 23 тамызға тағайындалған Құрылтай депутаттарының сайлауына дайындық, атап айтқанда, сайлау учаскелерінің дауыс беруге әзірлігі туралы есеп берді. Аудандық сайлау

комиссияларының төрағалары сайлау учаскелерінің материалдық-техникалық және ұйымдастырушылық дайындығы, анықталған мәселелер және оларды шешу бойынша қабылданып жатқан шаралар туралы баяндады.


→ 2

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ

РЕСУРСТАРДЫ ТИІМДІ ПАЙДАЛАНУҒА ЖОЛ АШАДЫ

Ильяс ҚАЛЫБЕКОВ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ағымдағы жылды «Цифрландыру және жасанды интеллект жылы» деп жариялады. Цифрлық елге айналу мақсат еткен ел үшін бұл – стратегиялық жоспарды орындауға деген нақты қадам. Президент: «Қазақстан цифрлық державаға айналуы керек. Бұл – қазіргі жаңа технология дәуірінде өркениетті ел болып қалудың бірден-бір жолы. Халқымыздың ой-санасы мұндай инновацияларға дайын екеніне сенімдімін. Қазақстанда экономика мен қоғамдық өмірге жасанды интеллектіні енгізуге басымдық беріп жатыр. Еліміздің бұл жұмысқа қатысты бастапқы мүмкіндіктері жаман емес», – деді.



Бүгінде жасанды интеллект көптеген салада жүйені автоматтандыра бастады. Дегенмен алдағы жылдары ол кеңінен қолданылса, заң, медицина, қаржы сияқты жоғары білім мен тәжірибені талап ететін салаларда да елеулі өзгерістер болуы мүмкін. Ал өндіріс пен логистикада автоматтандыру үдерісінің

қарқыны байқалады. Қазірдің өзінде-ақ қайталанатын қол еңбегі, қойма жұмысы, жүк тасымалы роботтардың қолына өтіп үлгерген.

Қазіргі нарықта жасанды интеллект негізіндегі автономды жүк көліктері, роботтандырылған қоймалар мен конвейерлік желілер көбейе бастады. Алайда

сарапшылардың айтуынша, мұндай технологиялар адам еңбегін толық алмастыра алмайды. Оларды бақылау, күтіп ұстау, дұрыс үйлестіру қажет. Егер бұл тепе-теңдік сақталмаса, автоматтандыру күткен нәтижені бермей, керісінше шығынға әкелуі мүмкін.

→ 3



МАҢЫЗДЫ ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ ҮДЕРІС



Рүстем БЕГАЛИЕВ,
аудандық Қоғамдық
кеңестің төрағасы

Мемлекеттің тұрақты дамуы мен өркендеуі азаматтардың белсенділігіне, ел тағдырына деген жанашырлығына тікелей байланысты. Осы тұрғыдан алғанда, сайлау – әрбір азаматтың өз таңдауын жасап, мемлекетіміздің ертеңіне ықпал ететін маңызды демократиялық үдеріс. Сондықтан сайлауға қатысу – тек заңмен берілген құқық қана емес, бұл әр азаматтың ел алдындағы жауапкершілігі мен азаматтық ұстанымының айқын көрінісі.

Азаматтық қоғамның негізгі рөлі – елдегі қоғамдық-саяси үдерістерге белсенді қатысып, өз ұстанымын заңды әрі өркениетті жолмен білдіру. Азаматтардың сайлауға қатысуы арқылы қоғам өз таңдауын жасайды. Мемлекеттік шешімдердің қалыптасуына да ықпал етеді. Белсенді азаматтық қоғам қалыптасқан жерде адамдар өз құқықтары мен міндеттерін жақсы түсінеді. Олар қоғамдық мәселелерге, елдің болашағына қатысты шешімдерге жауапкершілікпен қарайды.

Сайлау – бұл жай ғана дауыс беру рәсімі емес. Бұл – елдің даму бағытын айқындайтын маңызды қадам. Әрбір берілген дауыс мемлекетіміздің болашағына әсер етеді. Сондықтан әр азамат өзінің таңдауына бейжай қарамай, саналы түрде шешім қабылдауы қажет. Өйткені, белсенді қоғам ғана мықты мемлекет құра алады.

→ 2



Шұғыла АҚШАБАЙ

«Таза Қазақстан» жобасы қоғамға экологиялық мәдениеттің жаңа талаптарын енгізу идеясынан бастау алды. Жобаның жүзеге асуына, ең алдымен, жергілікті атқарушы билік жауапты. Ауқымды тазалық шарасына тұрғындар да барынша қолдау білдіріп келеді. Олар мұның кезекті бір науқан емес, озық ойлы қоғам қалыптастыру жолындағы идеологиялық платформа екенін түсінді.

→ 2

ҚҰРЫЛТАЙ
23 тамыз

бейжай қарамай, елдік мәселеде жауапкершілік таныту – баршамызға ортақ міндет.

САНАЛЫ ТҮРДЕ ӨЗ ТАҢДАУЫМЫЗДЫ ЖАСАЙЫҚ



Бакыт СЫРЛЫБАЕВ,
аудандық ардагерлер
кеңесінің төрағасы.

23 тамызда Қазақстан Республикасы Құрылтайы депутаттарының сайлауы өтеді. Бұл – ел өміріндегі елеулі саяси оқиға. Ауданда аталған науқанды ұйымдасқан түрде өткізу бағытында тиісті дайындық жұмыстары жүргізілуде. Ендігі жерде атқарылған істің нәтижелі болуы, сайлаудың жоғары деңгейде өтуі әр азаматтың белсенділігі мен жауапкершілігіне байланысты.

Қазақ халқы қашанда елдік мәселені бірлікпен шешкен. «Алтау ала болса, ауыздағы кетеді, төртеу түгел болса, төбедегі келеді» деген бабалар сөзі – бүгінгі күнге жеткен өмірлік өсиет. Ел тағдыры таразыға түскен тұста ауызбіршіліктен айнымай, ортақ мүддені жоғары қою – ұрпақтан ұрпаққа жалғасқан асыл қасиет.

Ардагерлер үшін елдің ертені, жас ұрпақтың болашағы бәрінен қымбат. Біз көрген заманның талай белесін артқа тастап, бүгінгі бейбіт күнге, тәуелсіз елдің берекелі тіршілігіне шүкіршілік етеміз. Осындай тыныштық пен тұрақтылықтың қадірін кейінгі буынға жеткізуді азаматтық әрі ағалық парызымыз деп білеміз.

«Бірлік болмай, тірлік болмас» дейді дана халқымыз. Бір елдің азаматы ретінде бір-бірімізді құрметтеп, өзара түсіністік пен

татулықты ту еткеніміз жөн. Әсіресе, ел тағдырына қатысты маңызды саяси науқандар кезінде әр азаматтың өз таңдауын саналы түрде жасауы – демократиялық қоғамның басты белгісі.

Ел болашағына деген көзқарасты білдіру, азаматтық ұстанымды таныту ертеңгі күннің келбетіне белгілі бір деңгейде әсер етеді. Сондықтан енжарлыққа салынбай, елдік іске өз үлесімізді қосқанымыз абзал.

Халқымызда «Аталы сөзге арсыз ғана тоқтамайды» деген тағылымды сөз бар. Үлкеннің батасын алып, ақилын тыңдау, елдің бірлігі мен тыныштығын көздің қарашығындай сақтау – қазақы тәрбиенің өзегі. Осы орайда жастарға айтарымыз, ел болашағы – сіздердің қолдарыңызда. Саяси сауатты, елжанды, жауапты азамат болу – тәуелсіздіктің тұғырын биіктетудің бір жолы.

Ал аға буынның міндеті – кейінгіге бағыт-бағдар көрсету, елдік істе өнеге болу. «Жақсының аты өлмейді, ғалымның хаты өлмейді» деген бар. Ұрпаққа қалдырар ең үлкен мұрамыз – дүние-мүлік емес, татулық пен адалдық, елге деген сүйіспеншілік, туған жерге деген жауапкершілік.

Бүгінгі Қазақстанның дамуы мен өркендеуі – баршамыздың ортақ еңбегіміздің жемісі. Әрбір салынған жол, бой көтерген нысан, ашылған жаңа жұмыс орны, білім алып жатқан жас, еңбек етіп жүрген азамат – ел дамуының көрінісі. Мұның бәрін одан әрі жалғастыру үшін қоғамда тұрақтылық пен өзара сенім, ынтымақ пен бірлік берік болуы қажет.

Сондықтан аудан тұрғындарын 23 тамыздағы Құрылтай депутаттарының сайлауына белсенді қатысуға шақырамын. Ендеше әр сайлаушы өз таңдауын таразылап, болашаққа жауапкершілікпен қарағаны абзал.

Ынтымақты елдің ырысы артады. Берекелі елдің мерейі үстем болады. Бірлігіміз бекем, таңдауымыз саналы, болашағымыз баянды болсын!

Соңы. Басы 1-бетте

МАҢЫЗДЫ ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ ҮДЕРІС

Азаматтық қоғамның дамуына жастардың белсенді араласуы ерекше ықпал етеді. Жас буынның саяси сауаттылығы мен азаматтық жауапкершілігін арттыру – қоғамның болашағы үшін маңызды міндет. Әсіресе жастардың саяси сауаттылығын арттыру, олардың азаматтық жауапкершілігін қалыптастыру бүгінгі күннің басты міндеттерінің бірі деп санаймын. Жастар – еліміздің ертеңі, тәуелсіздігіміздің тірегі. Егер жас буын қоғамдық-саяси үдерістерге белсенді араласып, өз көзқарасын ашық білдіре алса, еліміздің демократиялық дамуы жана деңгейге көтеріледі.

Азаматтық белсенділік тек сайлау кезінде ғана көрінбеуі керек. Қоғамдық бастамаларға қатысу, заң талаптарын сақтау, өз құқықтарын білу және елдің дамуына үлес қосу да азаматтық қоғамның маңызды белгілері. Отанды сүю елдің дамуына нақты

іспен үлес қосудан көрінеді. Патриотизм – тек Отанды сүю туралы сөз айту емес, елдің дамуына нақты іспен үлес қосу. Оның бір көрінісі – сайлауға қатысу, өз таңдауыңды жасау. Әрбір азаматтың дауысы маңызды.

Алдағы Қазақстан Республикасы Құрылтайы депутаттарының сайлауы азаматтардың өз ұстанымын білдіріп, қоғамдық-саяси үдерістерге белсенді араласуына мүмкіндік береді. Азаматтар сайлау науқанына жауапкершілікпен қарап, өз таңдауын саналы түрде жасауы қажет. Әрбір адам сайлауға қатысуды өзінің азаматтық міндеті ретінде қабылдауға тиіс. Сондықтан аудан тұрғындарын сайлауға белсенді қатысып, өз таңдауларын жасауға шақырамын. Өйткені, ел болашағы – әрқайсымыздың қолымызда.

ҚҰРЫЛТАЙ
23 тамыз

Жамбыл аудандық аумақтық сайлау комиссиясының ХАБАРЛАМАСЫ

2026 жылғы 23 тамызда өтетін Қазақстан Республикасы Құрылтайы депутаттарының сайлауы бойынша азаматтың басқа сайлау учаскесінде тіркелгені және Қазақстан Республикасының бүкіл аумағы бойынша сайлаушылар тізіміне енгізілгені туралы мәліметтер болмаған, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағында тұрғылықты жері бойынша тіркелмеген жағдайда Жамбыл аудандық аумақтық сайлау комиссиясы төмендегіні хабарлайды:

Жамбыл ауданында 1000 сайлаушыдан асатын 15 сайлау учаскесінде сайлаушыларға арналған онлайн-сервистер іске қосылады және Аса ауылы, Абай көшесі №22А мекенжайында орналасқан Жамбыл ауданы әкімдігі ішкі саясат бөлімінің «Жастар ресурстық орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимаратында Қазақстан Республикасы аумағында тұрғылықты жері бойынша тіркелмеген кезде азаматты тұрғылықты жері бойынша бір күндік тіркеуге қою үшін «Азаматтарға

арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамының жұмыскерлері қызмет атқаратын болады.

Сайлаушылар eGov порталы арқылы сервиске қол жеткізу құқығы берілген учаскелік сайлау комиссиясының мүшесіне жазбаша өтініш беру арқылы өзінің тұрақты тіркелген мекенжайы туралы мәлімет ала алады.

Егер өтініш берушінің тұрақты тіркелген тұрғылықты жері тиісті сайлау учаскесінің аумағында екені расталса, учаскелік сайлау комиссиясы

оны сайлаушылар тізіміне енгізу туралы шешім қабылдайды. Бұл азаматтардың сайлау құқығын толық іске асыруына және сайлаушылар тізімінің өзектілігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Сонымен қатар азаматтарға дауыс беру күні өздерінің қай сайлау учаскесінде дауыс беретінін алдын ала анықтауға мүмкіндік беретін онлайн-сервистер жұмыс істейді. Аталған сервистер арқылы сайлаушылар өздерінің дауыс беру орны туралы жедел әрі ыңғайлы түрде ақпарат ала алады.

Қазақстан Республикасы Құрылтайы депутаттарының сайлауы жалпыға бірдей, тең және төте сайлау құқығы негізінде жасырын дауыс беру арқылы өткізіледі. Әрбір азаматтың дауысы еліміздің болашағын айқындауда маңызды рөл атқарады.

Сайлауға белсенді қатысып, өз таңдауыңызды жасаңыз!

Соңы. Басы 1-бетте

ОБЛЫСТЫҚ АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ КЕҢЕЙТІЛГЕН КЕҢЕСІ ӨТТІ

Кеңесте аумақтық және учаскелік сайлау комиссиялары мүшелерін оқыту жұмыстарының қорытындылары, дауыс беру күніне дайындық барысы, ақпараттық сүйемелдеуді ұйымдастыру, есептік нысандар мен сайлау құжаттарын жоғары тұрған комиссияларға жеткізу тәртібі және сайлау процесін материалдық-техникалық қамтамасыз ету мәселелері қаралды.

Отырыс барысында сайлаушыларды онлайн-сервистер арқылы ақпараттандыру, сайлау учаскелеріндегі байланыс және интернет желілерінің тұрақты жұмысын қамтамасыз ету, сондай-ақ тиісті уәкілетті органдармен өзара іс-қимылды күшейту мәселелері бойынша

нақты тапсырмалар берілді.

Сайлау учаскелерінің материалдық-техникалық дайындығына да ерекше мән берілді. Атап айтқанда, сайлау бюллетеньдерін тасымалдау кезінде полиция қызметкерлерінің жол бойындағы сүйемелдеуін ұйымдастыру және бюллетеньдерді сақтау орындарының қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша тиісті шаралар белгіленді.

Кеңесте дауыс беру күніндегі ақпараттық сүйемелдеу жұмыстары жеке қаралып, Тараз қаласы мен барлық аудандардағы сайлау учаскелерін ақпараттық қамтудың маңыздылығы атап өтілді.

Әрбір сайлау учаскесінен

фото және бейнематериалдар әзірлеп, оларды әлеуметтік желілерде және бұқаралық ақпарат құралдарында уақтылы жариялау, сайлау процесінің ашықтығы мен азаматтардың белсенді қатысуын көрсететін мазмұнды ақпараттық материалдар ұсыну міндеті қойылды.

Кеңес қорытындысы бойынша, дауыс беру күнінде сайлаушылар үшін қажетті жағдайларды жасау бойынша бірқатар нақты тапсырмалар беріліп, сайлау процесін заң талаптарына сәйкес өткізу тапсырылды.

**Жамбыл облыстық
аумақтық сайлау комиссиясы.**

Соңы. Басы 1-бетте

ТАЗАЛЫҚ – БАРШАҒА ОРТАҚ МІНДЕТ

Тазалық – баршаға ортақ міндет. Таза әрі көрікті ауыл – тұрғындардың тұрмыс сапасына тікелей әсер ететін маңызды құндылық. Осы бағыттағы жұмыстар Ақбастау ауылдық округінде де жүйелі түрде атқарылып келеді. Округ аумағындағы көшелер мен қоғамдық орындар тазаланып, арамшөптер шабылып, бей-берекет жатқан тұрмыстық қалдықтар жиналуда. Сонымен қатар елді мекеннің санитарлық жағдайын жақсарту, көркейту

және абаттандыру жұмыстарына да ерекше көңіл бөлінуде.

Ақбастау ауылдық округінде атқарылып жатқан жұмыстардың маңыздылығына тоқталған ауыл әкімі Нұрсұлу Дүзеева тұрғындарды елді мекеннің тазалығын сақтауға және ортақ іске белсенді атсалысуға шақырды.

– Тазалық – бір күндік науқан емес, жыл бойы жалғасатын жұмыс. Әрбір тұрғын өз ауласы мен көшесінің тазалығына жауапкершілікпен қараса,

ауылымыздың көркі де арта түседі. Туған жерді таза ұстау – қоршаған ортаға деген құрметтің белгісі, – деді Нұрсұлу Лутфуллақызы.

Ауылдық округте бұл бағыттағы жұмыстар алдағы уақытта да жалғасын тауып, ауыл аумағын көркейту мен абаттандыруға басымдық берілмек.

Тазалық – елдіктің көрінісі. Сондықтан туған жердің ажарын ашып, қоршаған ортаны таза ұстау – әр тұрғының азаматтық парызы.



РЕСУРСТАРДЫ ТИІМДІ ПАЙДАЛАНУҒА ЖОЛ АШАДЫ

Қаржы мен банк секторында жасанды интеллект деректерді талдау, тәуекелді бағалау, есеп жүргізу сияқты жұмыстарды күннен күнге жақсы атқарып келеді. Соның әсерінен деректер талдаушысы, тәуекел-менеджері, бухгалтер, аудитор, әкімші-ассистент сияқты кейбір мамандықтарға сұраныс төмендеуі мүмкін. Ірі компаниялар құжат айналымы мен кеңсе жұмыстарының бір бөлігін интеллектуалды жүйелерге жүктеп, әкімшілік жұмыстарды оңтайландырып жатыр.

Медиа саласында да өзгеріс бар. Жасанды интеллект қарапайым жаңалықтар мен қысқа ақпараттық мәтіндерді автоматты түрде жаза алады. Кейбір агенттіктер бұл тәсілді тәжірибеде қолданып та отыр. Зерттеулер журналистер мен жазушылар жұмысының едәуір бөлігін ЖИ көмегімен-ақ орындауға болатынын көрсетті. Өйтсе де терең талдау, зерттеу, қоғам үшін маңызды ақпаратты талдап-түсіндіру сияқты міндеттерде нейрожелі әзірге көмекші құрал ретінде ғана жарайды.

IT саласының өзі де бұл өзгерістен тыс қалған жоқ. Қарапайым код жазу, тестілеу сияқты бастапқы деңгейдегі тапсырмаларды жасанды интеллект құралдары оңай орындайды. Соның нәтижесінде тәжірибесі аз мамандарға сұраныс азайып, тәжірибелі, білікті кадрлардың рөлі күшейе түсті. Көптеген компания шағын топтан тұратын, бірақ өнімділігі жоғары командаларға көше бастады.

Жасанды интеллект қанша дамыса да, оны толық алмастыра алмайтын немесе адаммен бірлесіп қана атқарылатын жұмыстар бар. Мұны халықаралық ұйымдардың деректері растайды. Дүниежүзілік экономикалық форумның (WEF) соңғы есептеріне сәйкес адам

денесінің ептілігі мен нақты ортаға бейімделуді талап ететін физикалық еңбек түрлерін ЖИ жақын жылдары толық игере алмайды. 2020 жылы 2025 жылға қарай жұмыстың 47 пайызы роботтарға өтеді деген болжам жасалған еді. Алайда бұл болжам қайта қаралып, 2027 жылға қарай автоматтандырылатын еңбек үлесі небәрі 42 пайыз болуы мүмкін екені айтылды.

Құрылыс, жөндеу, ауыл шаруашылығы, көлік жүргізу сияқты салаларда адам еңбегі бұрынғыдай маңызды болып қала бермек. Сарапшылардың пікірінше, ауыл шаруашылығы техникасын жүргізетін операторлар, жүк көлігі мен автобус жүргізушілері, слесарьлар, дәнекерлеушілер, сантехниктер мен электр монтаждаушылар алдағы жылдары да сұранысқа ие болады. Себебі адам миының басты артықшылығы – оның денемен тікелей байланыста жұмыс істеуі, күтпеген жағдайда жедел шешім қабылдай алуы. Әлеуметтік қызметкерлер, күтім көрсету саласының мамандары, тәрбиешілер мен психотерапевтер нейрожелі алмастыра алмайтын кәсіптер қатарында. Эмоцияны түсіну, жанашырлық таныту, сенім орнату сияқты қасиеттер алгоритмге тән емес.

Медицинада да жасанды интеллект диагноз қоюда немесе рентген, МРТ суреттерін талдауда көмектескенімен, науқаспен сөйлесу, психологиялық қолдау көрсету, күрделі әрі жауапты шешім қабылдау дәрігерлер мен мейірбикелердің еншісінде қалады. Ауруханаларда ЖИ көбіне кеңесші құрал ретінде қолданылып, дәрігерлердің уақытын үнемдеуге ғана қызмет етеді.

Шығармашылықты талап ететін жұмыстар да адамсыз жүзеге аспайды. Жасанды интеллект креативті ойлау

мен түпнұсқа идея тудыруды қажет ететін мамандықтарды алмастыра алмайды. Ғылыми зерттеушілерге, инженерлерге, стратегиялық жоспарлаушыларға ЖИ есептеулерді жеделдететін құрал болғанымен, жаңалық ашу, бағыт-бағдар белгілеу адамның сыни ойлауына тәуелді. Ғылыми талдау мен сын тұрғысынан ойлау қабілетін қажет ететін маңызды салаларға ЖИ аса ықпал ете алмайды.

Сонымен қатар көптеген салада жасанды интеллект адамды алмастыратын емес, онымен бірге жұмыс істейтін құралға айналып келеді. Жасанды интеллектің жаппай енгізілуі технологиялық қана емес, әлеуметтік мәселе ретінде де қарастырылып отыр. Сарапшылардың ескертуінше, егер қоғам бұл өзгеріске дер кезінде бейімделмесе, ЖИ әлеуметтік теңсіздікке алып келеді. Жасанды интеллект ірі компаниялар мен жоғары табысты топтардың мүмкіндігін арттырып, орта таптағы бірқатар қызмет түрін қысқартқанда, бай мен кедей арасындағы табыс айырмасы ұлғайып, әлеуметтік алшақтық күшейе түседі. Мәселен, автоматтандыру көбіне кеңсе, әкімшілік, орта буын қызметкерлеріне әсер етеді. Бұл санаттағы мамандардың бір бөлігі жұмысынан айырылып, төменірек ақы төленетін жұмысқа жалдануы мүмкін. Бұл еңбек нарығында қайта даярлау мен жаңа дағдыларды меңгерудің маңызын күшейтеді. Сарапшылардың сөзінше, бұның шешімі – қайта оқыту мен өмір бойы білім алу.

ЖИ шешімдерін іске қосу үшін қажет серверлер мен арнайы чиптерге сұраныс жыл сайын артып жатыр. Бұл бағыт әсіресе ірі технология компаниялары мен дата орталықтарға инвестиция тартуда бірінші орынға шығып отыр. Экономистердің

есептеуінше, жасанды интеллект 2030 жылға қарай әлемдік экономикаға 15,7 триллион доллардан астам қосымша табыс әкеледі. Жалпы алғанда, бұл технология тауарлар мен қызметтер құнын төмендетіп, еңбек өнімін арттыруға мүмкіндік береді, алайда сонымен бірге еңбек нарығындағы құрылымдық өзгерістерге де алып келеді. ЖИ-дің күнделікті өмірге кірігуі әлдеқайда тез жүріп жатыр. Қаржы, денсаулық сақтау, білім беру, өндіріс сынды салаларда жасанды интеллект аналитикалық шешімдерді жеделдетіп, ақпаратты өңдеу мен шешім қабылдауды автоматтандыруға көшті. Бұл бизнес барысын жоғары деңгейге шығарып, ресурстарды тиімді пайдалануға жол ашады.

Болашаққа көз жүгіртсек, 2030 жылға қарай ЖИ өндірісінің көлемі 800 миллиард доллардан асады. Бұл цифрлар жасанды интеллектің тек технологиялық сала емес, бүкіл әлемдік экономика мен жұмыс күшінің құрылымына әсер ететін жүйеге айналғанын көрсетеді. Қазақстан да осы жаһандық үрдістен шет қалып отырған жоқ. Мемлекет 2026 жылды «Цифрландыру мен жасанды интеллект жылы» деп жариялап, цифрлық трансформацияны жеделдетуге, кадрларды даярлауға, инновациялық жобаларды жүзеге асыруға бағытталған қадам жасады. Сарапшылардың айтуынша, 2026 жыл – жасанды интеллект саласы үшін трансформация кезеңі, бұл технология енді теориялық идеядан шығып, нақты экономикалық көрсеткіштермен, өндірістік шешімдермен және қоғамдағы экономикалық өзгерістермен өлшенетін кезең.

Жасанды интеллектің мүмкіндігі артқан сайын оны жауапкершілікпен қолдану мәселесі де өзекті бола түсті. ЖИ

жасаған контентті белгілеуден бастап, жеке деректерді қорғауға дейінгі жаңа талаптар цифрлық әдептің де өзгеріп жатқанын көрсетеді. Ендеше, технология өмірімізге дендеп енген тұста этикалық қағидаларды ескеруіміз керек. Елімізде бұл талап заңмен бекітілген. «Жасанды интеллект туралы» заңға сәйкес, ЖИ жүйесі жасаған немесе өзгерткен синтетикалық контент арнайы таңбаланып, пайдаланушыға оның жасанды екені түсінікті түрде ескертілуге тиіс. Заңда адамның сыртқы келбетін, дауысын, мінез-құлқын немесе іс жүзінде болмаған оқиғаны имитациялайтын кескін, бейне, аудио мен мәтін синтетикалық нәтиже ретінде қарастырылады. Демек, жасанды интеллект жасаған дүниені шынайы контент ретінде ұсынбау енді тек цифрлық әдеп емес, заңмен бекітілген талап.

Жасанды зердемен кәдімгі адаммен сөйлескендей сырласатындар да бар. Бірақ осындай еркін әңгіме барысында жеке мәліметті өз қолымызбен беріп қоюымыз мүмкін. Жұмыс барысында да құпия ақпаратты ЖИ-ға байқамай ұсынатын жағдайлар кездеседі. Мәселен, қызметкер мекеменің ішкі құжатын жүктеуі, енді бірі клиенттердің тізімін өңдетуі мүмкін. Сондықтан ЖИ-ға құпиясөз, ЖСН, банк картасының деректері, қызметтік құжаттар мен өзге адамдардың жеке мәліметтерін енгізбеген жөн.

Жаңа технология бізге бұрын-сонды болмаған мүмкіндік беріп отыр. Бірақ мүмкіндік көбейген сайын таңдау да, жауапкершілік те артады. Ендеше, жаңа құралдарға бейімделумен бірге оларды пайдаланудың әдебін де үйренуіміз керек. Себебі технология өзгергенімен, оның артындағы жауапкершілік адамға тиесілі болып қала береді.

АЗАМАТТАРҒА АРНАЛҒАН ҮКІМЕТ

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕР ҮЙДЕ КӨРСЕТІЛЕДІ: ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАР ДЕРБЕС МЕНЕДЖЕР СЕРВИСІН ТАҢДАУДА

Мемлекеттік қызметтер азаматтарға бұрынғыдан да қолжетімді бола түсуде. Қазіргі таңда бірқатар мемлекеттік қызметті халыққа қызмет көрсету орталығына бармай-ақ алуға болады. Осы мақсатта «Дербес менеджердің үйге баруы» сервисі жұмыс істейді. Оның аясында маман өтініш беруші көрсеткен мекенжайға барып, қажетті қызметтерді үйде көрсетеді. 2026 жылдың жеті айында бұл мүмкіндікті шамамен 1,5 мың қазақстандық пайдаланған.

Салыстырмалы түрде қарасақ, 2025 жылы дербес менеджер қызметіне 2 мыңнан астам адам жүгінген. Өткен жылы аталған



сервис Қызылорда облысында ең көп сұранысқа ие болып, оны 540 адам пайдаланған. Алматыда – 477, Павлодар облысында 435 адам осы сервистің көмегіне жүгінген.

Ал биылғы жылдың жеті айындағы көрсеткіш бойынша көшбасшылар үштігі өзгерді.

Дербес менеджердің үйге баруы бойынша ең жоғары көрсеткіш Алматы қаласында тіркелді, онда бұл сервисті 296 рет пайдаланған. Екінші орында Атырау облысы – 277 рет, ал Қызылорда облысы 259 рет аталған сервиске жүгінген.

Сервисті пайдалану үшін

қашықтан өтініш беріп, маман баратын мекенжайды көрсету жеткілікті. Алдын ала берілген өтініш бойынша фронт-офис маманы азаматтың үйіне барып, кеңес береді, қажетті құжаттарды қабылдайды және мемлекеттік қызметті сол жерде рәсімдеуге көмектеседі. Мұндай формат уақытты үнемдеуге мүмкіндік береді және қандай да бір себептермен ХҚКО-ға өз бетінше бара алмайтын азаматтар үшін өте ыңғайлы.

«Үйге баратын дербес менеджер» тарифінің құны – 7447 теңге. Бұл сома мемлекеттік бажға жатпайды, яғни тек сервистің қызмет көрсету құны болып табылады.

Үйге баратын дербес менеджердің көмегімен мемлекеттік қызметтердің кең ауқымын алуға болады. Алайда паспорт пен жеке куәлікті рәсімдеу, сондай-ақ мамандандырылған ХҚКО-ларда көрсетілетін

қызметтер бұл тізімге кірмейді. Себебі аталған қызметтерді алу үшін азаматтың жеке қатысуы керек және тиісті рәсімдерден өтуі қажет.

Маманның үйге келуіне өтінішті «ЦОН» мобильді қосымшасы арқылы, сондай-ақ «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясының ресми сайтындағы «Азаматтарға көрсетілетін қызметтер» «Дербес менеджердің үйге баруы» бөлімі арқылы беруге болады. Бұдан бөлек, өтінішті 1414 бірыңғай байланыс орталығына қоңырау шалу арқылы да рәсімдеуге мүмкіндік бар. Өтініш беру кезінде қажетті ақпаратты толтырып, маман баратын мекенжайды көрсету жеткілікті.

«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамы.

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ

ТҰРҒЫНДАРҒА ҚОЛАЙЛЫ ЖАҒДАЙ ЖАСАЛҒАН

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер – азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін жүзеге асыруға, сондай-ақ оларға тиісті материалдық және материалдық емес игіліктерді ұсынуға бағытталған мемлекеттік функцияларды іске асырудың маңызды тетігі. Оның басты мақсаты – халыққа қолайлы жағдай жасап, қажетті қызметтерді уақтылы әрі сапалы ұсыну.

Қолданыстағы заңнамаға сәйкес мемлекеттік көрсетілетін қызметтер бойынша есеп жыл сайын мемлекеттік органдар тарапынан «электрондық үкімет» веб-порталында, интернет-ресурстарда және бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланып отырады. Есепте қызметті алушылармен жүргізілген жұмыстар, қызмет көрсету үдерісін жетілдіру бағытындағы шаралар, сапаны бақылау нәтижелері және алдағы міндеттер қамтылады.

Мемлекеттік қызмет көрсету сапасын арттыру – халықтың мемлекеттік органдарға деген сенімін нығайтудың негізгі факторларының бірі. Осы ретте азаматтарға көрсетілетін

қызметтердің қолжетімділігіне, ашықтығына және сапалы орындалуына ерекше мән беріледі.

Гродиково ауылдық округі әкімінің аппараты да мемлекеттік қызмет көрсету стандарттары мен белгіленген талаптарға сәйкес жұмыстарды жүйелі түрде жүргізіп келеді. Тұрғындардың қажетті қызметтерді уақтылы әрі сапалы алуына мүмкіндік жасау мақсатында ауылдық округ әкімшілігі ғимаратында және мәдениет үйіндегі кітапханада өзіне-өзі қызмет көрсету бұрыштары ұйымдастырылған. Мұнда азаматтарға электронды түрде қызмет алуға қажетті техникалық мүмкіндіктер қарастырылған.

Сонымен қатар мүмкіндігі

шектеулі азаматтардың қажеттілігі ескеріліп, мемлекеттік қызметтерді кедергісіз алуына жағдай жасалған.

Бүгінде мемлекеттік қызмет көрсету саласында цифрлық технологиялардың мүмкіндігі кеңейіп, көптеген қызметті азаматтар үйден шықпай-ақ электронды түрде ала алады. Бұл өз кезегінде уақытты үнемдеп қана қоймай, қызмет көрсету барысының ашықтығы мен тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Алдағы уақытта да Гродиково ауылдық округі әкімінің аппараты тұрғындарға көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің сапасын одан әрі жетілдіруге, қолжетімділігін арттыруға және халықтың қанағаттанушылық деңгейін көтеруге бағытталған жұмыстарды жалғастыра береді.

Сауле КАЛДИЕВА,
Гродиково ауылдық
округі әкімі аппаратының
бас маманы.

ЖЕМҚОРЛЫҚТЫ ЖОЮ – МІНДЕТ

Сыбайлас жемқорлық – мемлекеттің дамуына кедергі келтіретін ең қауіпті әлеуметтік дерттердің бірі. Ол қоғамдағы әділдік қағидаларын бұзып, заң үстемдігіне нұқсан келтіреді, халықтың билікке деген сенімін төмендетеді. Сондықтан сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес – тек мемлекеттік органдардың ғана емес, бүкіл қоғамның ортақ міндеті.

АДАЛ ҚОҒАМ – ЖАРҚЫН БОЛАШАҚТЫҢ НЕГІЗІ

Елімізде сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы күрес бағытында жүйелі жұмыстар жүргізілуде. Алайда бұл бағыттағы жұмыстардың нәтижелі болуы қоғамның белсенділігіне, әсіресе, жастардың ұстанымына байланысты. Өйткені, бүгінгі жас ұрпақ – елдің тірегі, мемлекеттің қозғаушы күші. Жастар арасында адалдық, әділдік және жауапкершілік құндылықтарын насихаттау – сыбайлас жемқорлықсыз қоғам құрудың негізгі тетігі. Жас буын кез келген мәселені заң аясында шешуге, өз құқықтары мен міндеттерін білуге және жемқорлыққа төзбеушілік танытуға үйренуі тиіс.

Бұл ретте, аудандық «Жастар ресурстық орталығы» жергілікті жастар арасында құқықтық сауаттылықты арттыру мақсатында түрлі кездесулер, семинарлар, дебаттар, «дөңгелек үстелдер» мен ақпараттық акциялар

өткізді. Айтулы іс-шаралар жастардың құқықтық мәдениетін қалыптастырып қана қоймай, олардың азаматтық жауапкершілігін арттыруға септігін тигізеді.

Жемқорлықпен күресте әрбір жас азаматтың белсенділігі маңызды. Егер қоғам әділетсіздікке төзбеушілік танытса, заң бұзушылықтарды хабарлап отырса, бұл індеттің алдын алуға болады. Адалдық, әділдік және жауапкершілік – өркениетті қоғамның басты қағидалары десек, жастар заңды құрметтеп, пара беруден де, алудан да бас тартса, әділетті әрі дамыған мемлекет құруға толық мүмкіндік бар. Жарқын болашақ адал қоғамнан басталады.

Мерей ЕСБУЛАЕВА,
аудандық «Жастар ресурстық
орталығының» жастармен жұмыс
жөніндегі маманы.

ТЖ қызметі ескертеді

Өрттің алдын алу маңызды

Өрттің алдын алу әркімнің өзінен басталады. Өрт қауіпсіздігі талаптарын бұзған азаматтарға қатысты заңнамаға сәйкес әкімшілік жауапкершілік қарастырылған. Талдау көрсеткендей, өрттердің едәуір бөлігі қарапайым қауіпсіздік талаптарының сақталмауынан орын алады. Сондықтан да әрбір азамат электр желілерінің жарамдылығына мән беріп, ашық отты абайлап пайдаланып, өрт қауіпсіздігі ережелерін қатаң сақтауы қажет. Апаттың алдын алу мақсатында аудандық төтенше жағдайлар бөлімі жоспарға сәйкес рейдтер ұйымдастырып, жергілікті тұрғындарға түсіндіру жұмыстарын ұдайы жүргізіп келеді. Сонымен қатар халық арасында қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыру үшін бұқаралық ақпарат құралдары мен әлеуметтік желілерге ақпараттық материалдар жиі жариялап тұрады.

Өрттің алдын алу шаралары келесідей:

Өрттің ауқымы кішкентай болса, крандағы сумен, болмаса қалың дымқыл матамен өшіруге тырысыңыз.

Өрт ауқымды болса, 101 нөміріне хабарласып, өрт шыққан мекенжайды, ненің қалай жанып жатқанын айтыңыз. Өзіңіздің атыңыз бен нөміріңізді де беріңіз. Ол өрт сөндірушілерді күтіп алып, өрт ошағына жедел апару үшін керек. «Менен де басқалар хабарласқан шығар» деп отыруға болмайды.

Ғимараттағы барлық тоқ көздерін ажыратып, газ құбырларын жабыңыз.

Егер өрт көп қабатты ғимараттың төменгі қабатында шықса, ғимараттың жоғарғы қабатына немесе төбесіне шығып, көмек күту керек.

Далаға шығу жолдарында от болмаса, тез арада ғимаратты тастап шығыңыз.

Өрт шыққан аумақтан өту үшін синтетикалық киімдерді шешіп, орнына жүн немесе мақтадан тігілген киім кию керек. Киімдерді сулап, басыңызға ішік, жейде, ормал сынды қалың дымқыл жамылғы жабыңыз. Дәл осылай мұрныңыз бен ауызыңызды да жабу керек. Ол түтіннен уланyp калудың алдын алады.

Есіктерді қатты жабыңыз. Себебі от оттегі келіп, жел сокқан сайын өрши түседі.

Түтіннің арасынан еңкейіп, тізерлеп немесе бүк түсіп өту керек.

Пәтерден шықпас бұрын есіктің арғы жағында оттың бар-жоғын тексеріңіз. Ол үшін есікке жақын барып, оның тұтқасы сияқты металды жерлерін ұстап көріңіз. Ол ыстық болса, есікті ашпаңыз. Керісінше, есіктің саңылауларын дымқыл матамен бітеп тастаңыз. Есіктің бергі жағына су шашыңыз.

Ауыз-мұрныңызды дымқыл



матамен жауып, пәтердегі барлық адамды балконға алып шығыңыз. Балкон болмаған жағдайда, терезені ашып, сырттағыларға белгі беріңіз. Олардың сізді естігеніне сенімді болсаңыз, барлық адамдарды алып, жуыну бөлмесіне кіріп, есігін ішінен мықтап жабыңыз. Ол жерде суды ағызып, үстіңіздегі барлық киімді сулау керек. Сол жерде көмек күтіңіз.

Өрт шатырда немесе жер төледе шықса, өрт сөндірушілерді шақырып, олар келгенше өрт шыққан аумаққа апаратын ескі-терезелерді, люктарды жауып тастау керек.

Өрт шыққан үйден адамдарды көшіру кезінде балалардың төсектегі астына, сөрелер мен қуыстарға тығылып қалатынын естен шығармаңыз.

Не істеуге болмайды?

Киіміңізге от тигенде жүгірмеңіз. Ол оттың одан сайын өршуіне әкеледі. Одан да киімді шешуге тырысу керек, болмаса еденге жатып аунау қажет. Егер жаныңыздағы адамның киімі жанып жатса, оны өшіру үшін үстіне дымқыл мата жабыңыз. Терезелерді ашып, түтінді шығаруға болмайды. Таза ауа отты өршітеді.

Қорқынышқа бой алдырып, жоғарғы қабаттан секіруге болмайды.

Зардап шеккендерге алғашқы көмек:

103 нөміріне хабарласып, жедел жәрдем шақырыңыз.

Күйік алған адамдардың үстіндегі киімін шешуге болмайды. Күйген жеріндегі киімін қиып, теріге жабысқан

күйі қалдыру керек. Күйікті спирттелген немесе марганец ерітіндісіне батырылғын матамен жабады.

Өте үлкен күйікке шалдыққан адамды үлкен матаға немесе төсек жаймасына орап, ыстық сусын беріп, жылылау керек.

Түтінге уланған адамды таза ауаға алып шығу қажет.

Өрттің алдын алу үшін:

Үйде темекі шекпеңіз. Темекі тұқылын терезеден лақтырмаңыз.

Тамақ істеп жатқанда газ плитасын қараусыз қалдырмаңыз.

Электр сымы мен газ құбырларын үнемі тексеріңіз. Қандай да бір ақау барын байқасаңыз, бірден арнайы мамандарға хабарлаңыз.

Өртке арналған сатылар мен төтенше жағдайда шығатын есіктерді қаппаңыз.

Өрт сөндіргішті қолданып үйреніңіз және оны отбасыңыздың мүшелеріне де көрсетіңіз. Себебі, өрт шыққанда оның нұсқаулығын оқып тұруға уақытыңыз болмайды.

От жағуға арналған сіріңке, оттықтарды балалардың қолы жетпейтін жерге қойыңыз.

Өрттің алдын алу – әрқайсымыздың жауапкершілігіміз. Қарапайым қауіпсіздік ережелерін сақтау арқылы төтенше жағдайлардың алдын алуға болады. Әсіресе, балаларға қауіпсіздік ережелерін үйрету – әрбір ата-ананың маңызды міндеті.

Әмірхан ӨМІРХАНҰЛЫ,
аудандық төтенше
жағдайлар бөлімінің инженері.

Меншік иесі:
«Шұғыла-Радуга» газеті
редакциясы» ЖШС

Директор:
Айман ТЛЕУКЕЕВА

Бас редактор:
Нұрасыл СҰЛТАНБАЕВ

Қабылдау бөлмесі: 2-17-98

Бас редактормен тікелей
байланыс: 87765549701

Бас редактордың

орынбасары:

Жауапты хатшы:

Тілші:

Дизайнер-теруші:

Бас редактордың

орынбасары:

Тілшілер:

Мақсат ЖҰМАБАЕВ

Ильяс ҚАЛЫБЕКОВ

Шұғыла АҚШАБАЙ

Ғалия АЛИЕВА

2-20-24

2-13-44

Газет ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінде
07.10.2021 жылы қайта тіркелген.
Тіркеу куәлігі №КЗ87VPY00041240

87059774177

87474240395

87770284244

87075853423

Редакция авторлардың көзқарасы,
жарнама мазмұны үшін жауап
бермейді. Жарияланбаған хатқа жауап
қайтарылмайды.

Газет «Шұғыла-Радуга» газеті
редакциясында компьютерде теріліп,
беттелген. Қалыбы «Қанатты қалам
әлемі» ЖШС-нде жасалып, көбейтілді.
080012, Тараз қаласы, Төле би көшесі 36 Б.

Таралымы 1998

Тапсырыс №626

Нөмірдің кезекшісі: Шұғыла АҚШАБАЙ

Газет аптасына 2 рет,
сәрсенбі, жұма күндері
шығады.
Газета выходит 2 раза в
неделю, в среду и в пятницу.

Индекс: 68991

Электронды пошта:
sugyla@bk.ru

Біздің мекенжайымыз:
Индексі 080200, Аса ауылы,
Абай көшесі 78-үй.